

Астана қаласы  
А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі  
Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің жиіналысының жоспары

Хаттама №2

Өткізілген күні: 02.10.2022ж

Қатысқандар: 86

Күн тәртібінде

Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің жиіналысының жоспары

- 1.2022-2023 оқу жылының барысы туралы
- 2.Мектеп өмірінде кездесетін жағдаяттарды шешу жолдары.
- 3.« Қолайлы мектеп» жобасын іске асырудағы ұсыныстар
- 4.«Ата-ана-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі мектептің белсенді серіктесі»

**Мектеп директоры Ғ. Б. Әметбеков:**

Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратыны белгілі.

Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана және қоғам. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата - ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие үрдісі өз жемісін нәтижелі бере бастайды. 2022-2023 оқу жылын 1688 оқушы, 71 сынып комплектісімен бастадық деп, ата-аналарға оқу жылына арналған мектеп жоспары мен мақсатын таныстырып шықты.

**Педагог психолог Азимбаева Ж.Т:**

Отбасы және мектеп арасындағы байланысты нығайту арқылы, отбасы тәрбиесінің типтерімен таныстыру және бала тәрбиесіндегі ата - аналардың қолданып жүрген әдістерінің нәтижелеріне көңіл аударту. Бала тәрбиесіне отбасы мен мектеп арасындағы қарым - қатынасты нығайтуды дамыту.

Қазіргі жағдайларда ата-аналар мектеп тарапынан білікті көмекке мұқтаж. Ата-ананың педагогикалық біліксіздігінің зардабы тым ауыр болуы мүмкін; *өзіңнің ата-ана ретіндегі қателеріңді түзетіп баланы қайта тәрбиелеу, басынан бастап баланы теріс әрекеттер жасасамай, теріс сөздер айтпай дұрыс*

*тәрбиелегеннен алдеқайда қиын екенін бәріміз білеміз. Сондықтан да ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру керек. Бала тәрбиесі– әрбір жекелеген отбасының да, мектеп мұғалімдері және жалпы бүкіл қоғамның міндеті дей отырып ата-аналарға мектеп өмірінде кездесетін түрлі жағдайаттар бере отырып, ата-аналар мен пікір аталас арқылы ұтымды шешімдер шығара білді.*

### **Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нуралиева С.С**

Ел Президенті Қазақстан халқына жолдауында білім беруді одан әрі дамыту және мектеп мәселелерін шешу үшін «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасын қабылдауды тапсырды. Бүгінгі таңда ұлттық жобаны жүзеге асыру жолында мектеп пен ата-аналар комитетінің мүшелері жиналып, пікір алысып отырмыз. Онда мектепте баланы дамытудың жаңа моделі, жаңа парадигма мен тәсілдер енгізу жолдары қарастырылды. Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде ата-аналар, мектептің сенімді серіктесі ретінде біршама мәселелердің шешімін тапқан мазмұнды жиналыс болды деп сенеміз. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда ата-аналар мен мектеп ұжымының пікірлері бір ортаға түйісіп, алдағы уақытқа балаларға ұлттық тәрбие беруде бірлескен іс-шаралар атқарып үздік нәтижеге жетеміз деп, «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасының мақсатын ата-аналарға таныстырды. «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасының мектепте іске асыруға ата-аналар бірден бір ауыздан қолдап, бірлесе атқарудың жолдарын ұсынып талқылады.

### **Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаяхметов Д.Р**

«Ата-ана-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі мектептің белсенді серіктесі» мен қамқоршылық кеңесінің төрағасы Шаяхметов Дамир сіздермен тығыз байланыста болып мектеп пен ата-ана арасындағы сенімді, біріккен бірлестік құруға атсалысып жұмысымыздан нәтижелі болуна ықпал жасаймыз. Қазіргі таңда біз қамқоршылық кеңесі «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектепте оқушыларды кітап оқуға ынталандыру мақсатында демеушілік жасап бағалы сыйлықтарды жүлде ретінде ұсынып отырмыз. Балалар біздің болашағымыз екнін біз жақсы түсінеміз сондықтан бала тәрбиесі мен білімін назарда ұстап, оқушыларға қолайлы жағдай жасауа мектеп пен бірлесе жұмыс жасаймыз. Республикалық, қалалық, аудандық олимпиада жеңімпаздарын қолдау, ынталандыру мақсатында «Мектептің ата-аналар қорын» ашуды ұсынамын.

### **Шешім:**

1. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда ата-аналар мен мектеп ұжымы тығыз байланыста болып, бірлескен жұмыстар атқарылсын.

2. Алдағы уақытқа балаларға ұлттық тәрбие беруде «қазақ баласы келбетін қалыптастыру» қолға алынсын.
3. Балалардың оқуға құштарлығын арттыру бағытында PISA-based Test for Schools зерттеулеріне, пәндік олимпиадаларға қатыстысуын қадағалап, жеңімпаз оқушыларға демеушілер тарапынан стипендиялар тағайындау қарастырылсын.
4. Ата-аналардың ұсынысымен мектептің ата-аналар қорын құру қолға алынсын.

Мектеп директоры  
Хатшы



Ф. Б. Әметбеков

Н.Т.Бекебаева